

Нұртан Азамат Ерланұлының
«Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін
мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары»
атты диссертациясына рецензент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
кылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
философия докторы (PhD) Акмарал Бакытовна Сактаганованың
СЫН-ШІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Зерттелген тақырып өте өзекті болып табылады әрі ол тұлғалардың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мақсатында практикада бірзділіктің, айқындылықтың болуын талап етеді. Сондықтан бұл саланы дамытуға бағытталған зерттеулер мен олардың нәтижелері бүгінгі таңда сұранысқа ие болып отыр.</p> <p>Зерттеу тақырыбының әртүрлі қырлары Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларында көрініс тапқан. Атап айтқанда, Нұртан Азамат Ерланұлының «Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары» атты диссертациясының тақырыбы құқық жүйесін дамытуға және сот практикасы мен заңнаманы жетілдіруге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттары мен Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасына, сондай-ақ, заң үстемдігін нығайту жөніндегі бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі</p>

<p>№611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған Жолдауларындағы негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Осы стратегиялық міндеттер Нұртан Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысының өзектілігін дәлелдейді. Шетел элементімен күрделенген жеке құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешу нәтижесінде дүниежүзі бойынша шығарылған шешімдерді әрі қарай тиімді және уақытылы орындау әрбір мемлекет үшін оның даму деңгейі мен адам құқықтарын құрметтеуінің көрсеткіші болып табылады. Өртүрлі саладағы шетел элементімен күрделенген жекеқұқықтық қатынастар мемлекеттердің оларды тек ұлттық деңгейде ғана емес, сондай-ақ халықаралық дәрежеде де құқықтық реттеуін талап етеді. Бұл диссертациялық зерттеудің маңыздылығы сол, онда Қазақстан Республикасының заңнамасы мен тәжірибесін дамыту жөніндегі стратегиялық мақсаттарға сәйкес, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату ережелері мен тетіктері зерттеліп, оны толыққанды ашу мақсатында жан-жақты талдау жүргізілген, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы мен тәжірибесін, сондай-ақ, бүкіләлемдік деңгейде халықаралық атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру жолдарын ұсынуға ұмтылыс жасалған.</p>			
<p>Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер шетел элементімен күрделенген жеке құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша шығарылған шешімдерді тиімді мәжбүрлеп орындауға әрі қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері еліміздің құқық ғылымының дамуына қомақты үлес қосады. Атап айтқанда, шетелдік шешімдерді орныдауды реттейтін құқық нормаларының құқық жүйесінде алатын орны анықталып, өзара</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>2.</p>

түсіністік пен жария тәртіп секілді айқынсыздыққа жол беруі ықтималдығы жоғары ұғымдарды қолдану бойынша ұсыныстар, шетел шешімдерін орындатудың алгоритмі мен нұсқаулығы, шетел шешімдерін орындаудан бас тартудың әмбөбап жаңа негіздері мен бір-бірімен байланыстырылған принциптер кешені, жаңа конвенцияның тұжырымдамасы мен шетелдік шешімдерді дүниежүзі бойынша орындатуды үйлестіретін халықаралық сот орындаушылар палатасының тұжырымдамасы әзірленді. Диссертанттың ғылымға қосқан үлесі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен қоса, шетелдік заңнама мен халықаралық құжаттарға, сонымен қатар, доктриналық тұжырымдарға баға беріп, материалды жақсы аша білуімен, теориялық материалға, түрлі авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар мен көзқарастарға орынды талдау жасағандығымен анықталады. Ұсынылған теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік нәтижелер ғылыми тұрғыдан негізделген. Диссертант зерттеу барысында қазақстандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, негізгі ұғымдарға авторлық түсініктеме берген. Ізденуші осы мәселені зерттеген ғалымдардың көзқарастарына сыни көзқараспен қарап, өзіндік ғылыми пікірін қалыптастырған. Диссертант өзінің ұсыныстарын нақтылап жаңаша ұсыну арқылы өзін теориялық және практикалық тұрғыдан білікті зерттеуші екенін көрсете алған. Бұл диссертациялық зерттеудің ерекшелігі онда ғылыми-теориялық негіздермен қатар, құқық қолдану практикасына енгізуге болатын құнды ұсыныстардың берілгендігінде болып табылады.

Нұрған Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Оның зерттеу барысында алған нәтижелері ізденушінің білікті маман әрі зерттеуші екендігін және өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеті

3. Озі жазу принципі

Өзі жазу деңгейі:

- 1) жоғары;
- 2) орташа;
- 3) төмен;

	4) өзі жазбаған.	жоғары екенін дәлелдейді. Зерттеудің нәтижелері диссертация мәтіні бойынша негізделген, мәтінде жоспарға сәйкес белгіленген әрбір сұрақ бойынша диссертанттың талдауы мен жеке қозғарасы көрініс тапқан. Өзі жазу деңгейі: жоғары.
4. Ішкі бірлік принципін	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертацияның өзектілігі шетелдік шешімдерді орындатуды маңыздылығымен қоса, статистикалық мысалдар, қазіргі таңда орын алған проблемаларды ашу арқылы толығымен негізделген. Зерттеу барысында жасалған теориялық талдау нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты, оның өзектілігін негіздейтін бірқатар мәселелер анықталған. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық құжаттар мен әр елдің заңнамасында бағалауға жататын, мазмұны анық емес ұғымдар бекітілген, яғни ұғымдардың мазмұны бойынша теория мен практикада нақты түсінік қалыптасаған. Соның салдарынан жария тәртіп ережесін соттар тарапынан кен мағынада асыра пайдалану жағдайлары жиі кездеседі; - осы саланы реттейтін халықаралық құжаттардың нормалары міндеттемелі және императивті түрде бекітілмеген, яғни нормаларды қолдануда бірізділік жоқ; - халықаралық атқарушылық іс жүргізудің принциптер жүйесі еш жерде бекітілмеген, ал теорияда және халықаралық құжаттарда фрагмент түрінде берілген принциптер аморфты сипатта; - халықаралық құжаттарда шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың тетігі ашылмаған, яғни негізінен халықаралық құжаттар тану процедурасын ғана қамтиды да, әрі қарай шешімдерді орындатудың әртүрлі юрисдикцияларға ортақ тетігі көрініс таппаған; - ҚР-ның атқарушылық іс жүргізу заңнамасы шетел элементімен күрделенген мәселелерді арнайы түрде реттемейді, яғни оның нормалары шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың ерекшеліктерін

	<p>ескермейді және біздің заңнамамен таныс емес шетелдік өндіріп алушы үшін шетелдік шешімдерді орындау бойынша жүйелі де түсінікті нормаларды ұсынбайды. Аталған проблемалар тақырыптың өзектілігін дәлелдейді. Ал диссертация осы аталған проблемаларды шешуге тікелей бағытталған.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашады. Атап айтқанда, зерттеуде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздері, сондай-ақ, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ережелері қарастырылған. Зерттеуде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың заманауи талаптарға сай келетін халықаралық және ұлттық тетіктері ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында заңи терминология дұрыс пайдаланылып, материал логикалық тізбектілікпен сауатты баяндалған, сондай-ақ зерттеу тақырыбы жан-жақты ашылып, соның нәтижесінде құқық тәжірибесіне енгізуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленген.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Зерттеудің мақсат-міндеттері қарастырылатын негізгі мәселені шешуге бағытталған. Анықталған міндеттер зерттеудің мақсатына жетуге бағытталған. Диссертацияда қамтылған ғылыми ақпарат PhD академиялық дәреженің біліктілік жұмысының деңгейіне сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысындағы атқарушылық іс жүргізу мәселелерін кешенді түрде зерттеп, өндіріп алушылардың мүдделерін заманауи талаптарға сай қамтамасыз ететін ұлттық және халықаралық тетіктерін ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен практикасын, сондай-ақ, халықаралық реттеуді бірыңғайландыру жолымен</p>

жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу. Жұмыста зерттеудің аталған мақсатына сәйкес келесі міндеттер белгіленген:

- өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің тәсілі ретіндегі шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығын дәлелдеу.

- шетелдік элементімен күрделенген дауларды қарау нәтижесінде шығарылған сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін құқық нормалар жиынтығының құқықтық жүйеле алатын орнын айқындау.

- шетелдік шешімдерді тану мен орындау бойынша халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде қабылданған құжаттарға шолу жасап, оларды талдау негізінде құқықтық реттеуді әрі қарай жетілдірудің жолдарын ұсыну.

- шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың алғышартын қарастыру.

- шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерін жүйелеп, оларды қолдану бағыттарын анықтау.

- шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудан бас тартудың әмбебап негіздерін және халықаралық орындауды қамтамасыз ететін принциптер кешенін әзірлеу.

- шетелдік шешімдерді тану және оларды әрі қарай мәжбүрлі түрде орындатудың халықаралық және ұлттық деңгейдегі тетіктерін жетілдірудің тиімді жолдарын ұсыну.

Осы аталған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбын жан-жақты әрі егжей-тегжейлі ашуға негіз болды.

Ізденуші Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысының құрылымы ғылыми-зерттеудің логикасына сәйкес құрылған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:

- 1) **толық байланысқан;**
- 2) ішінара байланысқан;
- 3) байланыс жоқ.

қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлімде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздері қамтылған. Екінші бөлімде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ережелері қарастырылған. Ал диссертацияның үшінші бөлімінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды заманауи талаптарға сәйкестендіру жолдары ұсынылған.

Жұмыста зерттеудің логикасы сақталған, бөлімдер арасында ішкі бірлік бар. Зерттеу тақырыбын ашуға бағытталған сұрақтар дұрыс тізбектілікте және орынды қарастырылған. Жұмыстың әр бөлімінде қарастырылатын сұрақтар жүйелі әрі толық ашылып, бөлім соңында автордың негізделген қорытындылары келтірілген. Ал қосымшаларда зерттеудің негізгі ауқымды нәтижелері, атап айтқанда, жария тәртіпті қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының жобасы, шетелдік шешімдерді орындау бойынша нұсқаулық және халықаралық конвенцияның жобасы ұсынылған. Жалпы, әрбір бөлімшенің мазмұны сәйкес бөлімнің логикасына сай құрастырылған және бөлімдер арасында өзара логикалық сабақтастық сақталған.

Диссертант Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен қатар, шетелдік заңнама мен халықаралық құжаттарға, сондай-ақ, доктриналық тұжырымдарға баға бере отырып, материалды жақсы аша алған және теориялық материалға, түрлі авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар мен көзқарастарға орынды сыни талдау жасаған. Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер көлемі жеткілікті. Ізденуші көптеген дереккөздерге, ғылыми еңбектерге талдау жасап, практикалық материалды кенінен пайдаланған. Диссертант дереккөздерді талдау барысында

4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

1) сыни талдау бар;

2) талдау ішінара жүргізілген;

3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;

4) талдау жоқ.

			<p>тақырыптан ауытқымаған, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген барлық қайнар-көздер орынды, сондықтан да диссертацияның нәтижелері зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді және олар зерттеу әдістерін тиімді қолдануға негізделген. Автор ұсынған жаңа шешімдер толығымен дәлелденген.</p>
5.	<p>Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем). 	<p>Докторанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының ғылыми жаңалығы дәлелденген. Жұмыста зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер Қазақстан Республикасының халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процесс, халықаралық коммерциялық төрелік салалары және атқарушылық іс жүргізу ғылымы үшін толығымен жаңа болып табылады әрі олар жоғары деңгейдегі түпнұсқалығымен сипатталады. Бұл диссертациялық жұмыс заманауи талаптарды, болып жатқан геосаяси өзгерістерді, жаңа құқықтық қатынастардың қалыптасқанын, заңнама мен халықаралық актілерді қолдану практикасындағы кемшіліктерді ескере отырып, соңғы он жыл ішінде шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындату жөніндегі қазақстандық ғылымда жазылған алғашқы зерттеу болып табылады. Атап айтқанда, жұмыста шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелері алғаш рет кешенді түрде қарастырылған. Жұмыста бұрынғы зерттеулерде ұсынылмаған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың алгоритмі жасалып, соның негізінде нұсқаулықтың жобасы әзірленген; қазақстандық доктринада шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудан бас тарту негіздері мен халықаралық принциптері алғаш рет ұсынылған; жария тәртіп пен өзара түсіністік мәселелері шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау барысында құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету тұрғысынан қазақстандық доктринада алғаш рет зерттелген; сондай-</p>

	<p>ак, бұл жұмыста қазақстандық және шетелдік зерттеушілер әлі қарастырмаған бірыңғайландыру механизмі ұсынылған.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қарастырылып отырған диссертациядан мынадай қорытынды жасауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - диссертант практикада кездесетін қателіктерді талдап, сот пен төрелік шешімдерін орындатудың маңыздылығын жаңа қырынан дәлелдеген; - жұмыста шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орны авторлық тұрғыдан анықталған; - құқықтық айқыныссыздық қаупін тудыратын өзара түсіністік пен жария тәртіп ұғымдарын қолдану проблемалары анықталып, өзара түсіністікті халықаралық сыпайылық принципімен ауыстыру ұсынылды және жария тәртіп ұғымын қолдану бойынша ҚР Жоғары Сотының нормативтік қаулысының жобасы әзірленді; - заңнаманың нормалары жүйесіз екені әрі шетелдік шешімдердің орындалуын реттейтін арнайы нормалар бекітілмегені анықталып, шетелдік сот пен төрелік шешімдерді орындатуды реттейтін нормаларды алгоритм негізінде нұсқаулық түрінде жүйелеген; - тану мен орындау ұғымдарын бір-бірінен ажыратудың қажеттілігі теориялық, заңнамалық және практикалық тұрғыдан дәлелденген. Осыған негізделіп, автор қазіргі таңда халықаралық құжаттарда қарастырылмаған орындаудан бас тартудың бөлек негіздерін ұсынды; - Қазақстан ғылымында алғаш рет халықаралық деңгейде шешімдердің орындалуының негізін қалайтын принциптер кешені ұсынылды. <p>Бұлардың барлығы халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процесс, халықаралық</p>

коммерциялық төрелік және атқарушылық іс жүргізу салаларын дамытуға бағытталып, ҚР заңнамасын жетілдіруге, сонымен қатар, халықаралық механизмдерді де реформалауға үлесін қосады. Атап айтқанда, жаңа халықаралық конвенцияның жобасы әзірленіп, соның негізінде дүниежүзі бойынша шешімдердің орындалуын үйлестіретін халықаралық сот орындаушылар палатасын құру ұсынылды.

Автор өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылай келе, зерттеліп отырған тақырыпты болашақта одан әрі тереңдете зерделеуді қажет ететін мәселелерді де айқындап берген. Мәселен, осы сала бойынша срезелер мен іс-әрекеттерді біріздендіру жолдары, сондай-ақ осы әрекеттестіктерге келергі келтіретін факторлар жеткілікті деңгейде зерттелмеген өзекті мәселелер ретінде көрсетіліп, келешекте зерттелетін мәселелер қатарына енгізілген. Ізденуші еліміздің құқық қолдану саласын жетілдіруге ықпал ететін әдіснамалық ұсынымдарды болашақта кешенді түрде зерттеу қажеттігін ұсынған.

Диссертацияда жаңа экономикалық, басқару және құқықтық шешімдер негізделді. Олар Қазақстанның экономикасын оның инвестициялық тартымдылығын күшейту арқылы дамытуға, шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатуды мемлекеттер тарапынан реттеуді қамтиды. Бұл зерттеу жұмысы шетелдік сот пен төрелік шешімдерді орындату саласын мемлекет пен осы саладағы уәкілетті орган тарапынан реттеу мен үйлестіруді жетілдірудің үлгісі бола алады. Қарастырылып отырған зерттеу жұмысы заң шығару, құқық қолдану саласында сот практикасын жетілдірумен қатар, еліміздің құқық қолдану жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Бұл шешімдер диссертациялық зерттеудің материалдарымен, әдістерімен және мазмұнымен

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);
- 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және онер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	расталған және ол нәтижелерді автордың ғылыми басылымдары да растайды. Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер мен қорытындылар теориялық және практикалық жағынан негізделген. Жұмыста ұсынылған ғылыми-әдістемелік тұжырымдар шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындаудың заманауи талаптарға сай халықаралық және ұлттық тетіктерін тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Диссертацияның барлық қорытындылары нормативтік актілерді және доктриналық қайнар-көздерді талдаумен қатар, статистика мен сот практикасын эмпирикалық негіз ретінде қолданумен қамтамасыз етіледі. Негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Оның барлығы диссертация мәтнінде көрінісін тапқан.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Өрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>1-тұжырым.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді (өзара түсіністік принципінің мазмұны бұлыңғыр болғандықтан, оны қолдану субъективтік сипатқа ие және әрбір жағдайда басқа елдің тану немесе танымау жөніндегі іс-әрекетіне жауап ретінде белгіленеді. Өзара түсіністік бойынша сот практикасы мен нормативтік реттеу мазмұнын талдай келе, диссертант өзара түсіністікті халықаралық сынайылықпен алмастыру қажеттігін дәлелдеген).</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ (шетелдік сот пен төрелік шешімдерді танудан бас тарту негізгі ретіндегі өзара түсіністікті халықаралық сынайылықпен алмастыру Қазақстандық доктринада әлі қарастырылмаған).</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә (себебі шетелдік шешімдерді тану мен танудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылатын өзара түсіністік принципі әдетте негізгі принцип ретінде қабылданады.</p>

3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) кең

4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жоқ

3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

Ізденуші осы қалыптасқан пікірге қатысты жаңа, авторлық көзқарасын дәлелдей алған).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (тұжырым тұтас алғанда теория, практика және заңнаманы жетілдіру салаларына ықпал етеді. Егер өзара түсіністік халықаралық сыпайылықпен алмастырылса, заңға өзгерістер енгізіліп, сот практикасында жаңа бағыт пайда болады. Диссертациядағы осы тұжырым доктринаға өз үлесін қосатыны сөзсіз).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә («Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» мақаласында талданған).

2-тұжырым.

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (жария тәртіп ескертпесінің мазмұны анық емес екендігі көп жылдар бойы теорияда талқыланып келе жатыр. Алайда бүгінгі күнге дейін оның өлшемшарттарын анықтау мүмкін еместігі ғана айтылып келген. Автордың екінші тұжырымы доктринада қалыптасқан ұстанымды едәуір толықтырады, өйткені, жұмыста жария тәртіптің мазмұнын нақтылау қажеттігі ғана айтылып қоймай, сонымен қатар, өлшемшарттар ұсынылып, ҚР Жоғарғы Сотының жария тәртіп ережесін қолдану бойынша нормативтік қаулысының жобасы әзірленген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (жария тәртіптің мазмұнын анықтау өлшемшарттары алғаш рет берілген, сондықтан тұжырым доктринаға енгізілген жаңа көзқарас болып табылады).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (бұл ҚР доктринасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудан бас тарту негізі болып табылатын

жария тәртіп ережесін анықтауға бағытталған алғашқы диссертациялық зерттеу болып табылады).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кен (қазіргі таңда бұл ұғымды қолдану бойынша бірзділік жоқ, сондықтан ол сот практикасы үшін өте пайдалы. ҚР доктринасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудан бас тарту кезінде қолданылатын жария тәртіптің мазмұны анықталғаны елеулі қадам болып табылады).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә («On the need to define the concept of “public order” in the context of recognition and enforcement of foreign judicial and arbitration decisions in the Republic of Kazakhstan» және

«Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» мақалалары).

3-тұжырым.

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (тану мен орындау екі бөлек процедура болғандықтан, олардан бас тарту негіздері де бөлек болуы тиіс. Диссертант осы тұрғыдан, ҚР және шетелдік заңнаманы талдап, атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың дүниежүзі бойынша қолдануға ұсынылатын әмбебап негіздерін әзірлеу қажеттігін дәлелдеген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (әмбебап негіздер туралы ҚР доктринасында бұрын сөз қозғалмаған, атқарушылық іс жүргізуді қозғудан бас тарту негіздері біріздендіру қырынан әлі қарастырылмаған).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (ҚР теориясы үшін тұжырым жаңа, мәжбүрлеп орындатудан бас тарту негіздері ұлттық деңгейден тыс

әмбебап деңгейде талданбаған және нормативтік реттеу мен практика тұрғысынан енгізілмеген тұжырым).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың әмбебап негіздері доктринада, нормативтік реттеу мен практика саласына енгізілсе, өндіріп алушылар үшін олардың субъективтік құқықтарын қалпына келтіру жөнiлдер едi).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә («К вопросу о необходимости расширения перечня исполнительных документов (при внесудебном урегулировании споров)»; «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms»).

4-тұжырым.

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (диссертант теория мен доктринада қалыптасқан классикалық принциптер жүйесін сынга алып, ол принциптердің мазмұны айқын болмағандықтан, оларды құқық жүйесінің іргетасы ретінде қарауға қарсылық білдірген. Жан-жақты әрі терең зерттеу жүргізу нәтижесінде ізденуші бірыңғайландырылған халықаралық атқарушылық іс жүргізу принциптері кешенін енгізу қажеттігін дәлелдеген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (принциптер жүйесі бірін-бірі жаластыратын негізгі ережелер түрінде, ерекше мазмұнмен берілген).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (принциптер жүйесі авторлық тұрғыдан жаңаша мазмұндалған).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (принциптер жүйесі сот орындаушыларының іс-әрекеттерін жүйелеуге ықпал етеді, егер олар

нормативтік актілерде көрініс тапса, онда халықаралық атқарушылық іс жүргізу анық болып, доктринаның дамуына елеулі әсер етеді).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә («Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms», «Признание и приведение в исполнение иностранных арбитражных решений: практика применения Нью-Йоркской конвенции 1958 года (на примере сравнения законодательства и практики Китая и Казахстана)», «Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования»).

5-тұжырым.

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындату жөніндегі ҚР ұлттық заңнамасы жүйелі емес болғандықтан, оны жетілдіру жолы ретінде алгоритмдеу және оның негізінде ҚР құқық жүйесімен таныс емес шетелдік өндіріп алушыға осы процедураны жеңілдету мақсатында нұсқаулық енгізу қажеттігі дәлелденген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (заң нормаларын алгоритмдеу қажеттігі ерекше тұжырым болып табылады).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатуды алгоритм түрінде жүйелеу идеясы жаңа және оның негізінде әзірленген нұсқаулық ҚР нормативтік реттеу саласына бұрын енгізілмеген).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (сот орындаушыларының жұмысында кеңінен қолдануға болады әрі нұсқаулық сот орындаушысы мен шетелдік өндіріп алушы арасындағы құқықтық қатынасты жеңілдетеді; нормативтік реттеу саласы үшін

пайдалы болып табылады; ҚР доктринасы үшін ерекше және болашақта осы саладағы зерттеулердің алғашқы қадамы болып табылады).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә («Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования», «Обеспечение эффективности института частного судебного исполнителя в Республике Казахстан», «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms»).

6 -тұжырым.

7.1 Тұжырым дәлелденді ме?

1) дәлелденді (шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатуды жетілдірудің бір жолы ретінде халықаралық механизмнің керектігі дәлелденіп, бірыңғайландырудың жана деңгейі ұсынылған. Сонымен қатар, сот пен төрелік шешімдерін реттейтін халықаралық құжаттың керектігі де негізделген. Осы құжат шеңберінде Халықаралық сот орындаушылар палатасын құру қажеттігі дәлелденген).

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ (бірыңғайландырудың жана жолдары ұсынылған).

7.3 Жаңа ма?

1) иә (шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындаудың бір тетігін қарастыратын жана конвенцияның жобасы әзірленіп, Халықаралық сот орындаушылар палатасы деп аталатын жана халықаралық ұйымды құру ұсынылған).

7.4 Қолдану деңгейі:

3) кең (ұлттық және халықаралық деңгейдегі теория, практика мен нормативтік реттеуге елеулі әсерін тигізеді әрі осы саланы әрі қарай дамытуға үлес қосады).

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

<p>1) иә («Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms»).</p>	<p>1) иә («Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms»).</p>
<p>Диссертациялық жұмыс отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми нәтижелеріне, сондай-ақ, теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығына негізделген. Автор зерттеу міндеттерін орындау барысында жалпығылыми және арнайы әдістерді, атап айтқанда, талдау мен синтезді, индукция мен дедукцияны, тарихи әдісті, жүйелеуді, құрылымдық-функционалдық әдісті, сондай-ақ модельдеу және SWOT талдау әдістерін қолданған. Арнайы әдістердің қатарында салыстырмалы-құқықтық талдау, дәлелдеу мен ресми-құқықтық әдіс және сот статистикасын талдау әдістері қолданылған. Аталған әдістердің кешенді қолданылуы зерттеу тақырыбы аясындағы проблемалық мәселелерді айқындап қана қоймай, шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау тетігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге де мүмкіндік берген. Ізденушінің зерттеу барысында қолданған теориялық және эмпирикалық әдістері бұрынғы зерттеулерде ұсынылмаған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың ерекшеліктерін терең зерделеп, оның алгоритмін жасауға мүмкіндік берген. Әдістердің дұрыс таңдалуы мен олардың тиімділігі зерттеуде алынған ғылыми нәтижелермен дәлелденген.</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>
<p>Зерттеу жұмысының теориялық қорытындылары зерттеу барысында толығымен дәлелденіп, расталған. Зерттеудің мақсатына жету үшін кешенді әдістер қолданылған, ол теориялық және эмпирикалық әдістерді қамтиды. Теориялық әдістер қатарында ғылыми-әдістемелік талдау, жүйелеу және салыстыру әдістері болды. Эмпирикалық әдістер ретінде сот шешімдерін талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеуде алынған нәтижелер кешенді әдістерді қолдану арқылы жүйеленіп, талданған.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>
<p>8.</p>	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>

<p>2) жок.</p>	<p>Жүргізілген теориялық талдау ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығын анықтайды. Бұл әдістер әзірленген модель мен алгоритмнің тиімділігін тексеруге және дәлелдеуге мүмкіндік береді. Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи ғаламтарға сай алынған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Диссертант сот практикасын, нормативтік актілерді, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу проблемасына қатысты еңбектерін теориялық тұрғыдан талдау арқылы қорытындыларға қол жеткізіп отыр. Атап айтқанда, әрбір компоненті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, жүйелі түрде қарастырылған және құқық саласындағы еңбектермен өзара сабақтастықта құрылған алгоритм мен нұсқаулық және халықаралық конвенция мен халықаралық сот орындаушылар палатасының моделін ұсынып отыр. Модель шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды ұйымдастыруды қамтиды. Мұнда сот орындаушысы мен атқарушылық іс жүргізу тараптары арасындағы өзара әрекеттестіктің тиімділігін қамтамасыз ететін құқықтық тетіктер қарастырылған.</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды тұжырымдар мен ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерге сүйеніп, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жасалған жүйелі сілтемелер арқылы дәлелденген. Зерттеуде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындаудың теориялық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктері халықаралық және ұлттық деңгейде танылған ғылыми еңбектермен салыстырылып қарастырылған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың құқықтық негіздері мен</p>

9	Практикалық құндылық қағидаты	8.5 Пайдаланылған әлебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	<p>заманауи талаптары бойынша құқық салаларындағы жетекші зерттеушілердің тұжырымдары диссертациялық зерттеу мазмұнын тереңдетуге және авторлық көзқарасты негіздеуге септігін тигізген. Сонымен қатар, диссертацияда келтірілген мәлімдемелердің көпшілігі Scopus, Web of Science, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдарда жарық көрген еңбектерге сүйене отырып дәйектелген. Бұл зерттеудің ғылыми негізділігін, құқық жүйесінің заманауи талаптарына сай келетінін және теориялық жаңашылдығын көрсетеді.</p> <p>Зерттеу барысында 223 кайнар-көз пайдаланылған, бұл әдебиеттер тізімі тақырыптың мәселелерін саралау мен шолуға жеткілікті деп санаймыз.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің құқық ғылымы үшін теориялық маңызы зор. Жұмыстың теориялық маңыздылығы ғылыми тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан негізделуімен, сондай-ақ автордың шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау мәселелерін зерттеудегі шетелдік және қазақстандық еңбектердің заманауи теориялық және практикалық әзірлемелеріне сүйенген тұжырымдамалық көзқарасымен қамтамасыз етілген. Диссертацияда шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздеріне, оның ішінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығына; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орнына; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды құқықтық реттеуге ерекше назар аударылған. Зерттеуде шетел шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ерекшелігі ретінде тану мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, тану мен орындаудан бас тарту негіздері талданып, халықаралық</p>
---	-------------------------------	--	--

	<p>атқарушылық іс жүргізудің принциптер кешені ұсынылған. Сонымен бірге, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында ұлттық және халықаралық тетіктері ұсынылып, зерттеу нәтижесінде заңнама мен практиканы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген.</p>
<p>Нұртан Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысы практикалық маңызға ие және алынған нәтижелерді білім беру саласына да, практикаға да тиімді енгізу мүмкіндігі жоғары. Зерттеу сот орындаушыларының шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындау барысында атқарылатын іс-әрекеттерін жетілдіруге, сондай-ақ осы саладағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, алынған нәтижелер мен әзірленген қағидалар әрі қарай ғылыми зерттеулерде, «Халықаралық жеке құқық», «Халықаралық төрелік», «Халықаралық азаматтық процесс» және «Атқарушылық іс жүргізу» пәндерін оқыту процесінде кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, осы зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылып отырған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау алгоритмі мен оның негізінде әзірленген нұсқаулық шетелдік өндіріп алушыларға өз көмегін тигізетіні анық. Зерттеу нәтижелерін құқық практикасында, атап айтқанда заң мамандарының біліктілігін арттыру курстарында кеңінен қолдануға болады. Қазірдің өзінде, зерттеу нәтижелері Астана қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы мен Бірінші экономикалық арбитраждың тәжірибесіне енгізілді (және енгізу актілермен расталады).</p>	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>
<p>Докторанттың зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Атап айтқанда, бұның алдында ғылымда қарастырылмаған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындату бойынша</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<p>әзірленген алгоритм мен нұсқаулық, жария тәртіп ұғымын қолдану туралы ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлен орындау туралы конвенция жобасы мен Халықаралық сот орындаушылар палатасының негіздемесі практикалық тұрғыдан күнделікті нәтижелер болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толық сай орындалған. Зерттеу жұмысы ғылыми стильде, нақты әрі дәл тұжырымдармен, дәйектемелер мен сілтемелерді орынды қолдана отырып жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың әрбір бөлігі басқа бөліктермен өзара логикалық байланыста жазылған. Жұмыс біртұтас толығымен аяқталған зерттеу болып табылады. Жұмыста рәсімдеу ережелері сақталған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Жұмыстың жоғарыда айтылған артықшылықтарымен қатар, келесідей ескертулер мен сұрақтар туындады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жұмыстың 1.2-бөлімінде атқарушылық іс жүргізу құқықтың дербес саласы делінген, алайда, мәлің ойымша, бұл даулы пікір және атқарушылық іс жүргізудің соңғы сатысы ретінде қарастыруға болады. 2) Жұмыстың тақырыбы шетелдік шешімдерді орындауға арналған. Алайда диссертацияның 2.1-бөлімінде тану рәсімі егжей-тегжейлі ашылған. Оның қажеттілігі немен байланысты? - деген сұрақ туындайды. 3) Астана халықаралық қаржы орталығының шешімдерін орындау мәселесі қарастырылса, жұмыстың жан-жақтылығы артар еді. 	<p>Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша 10 жарияланымда көрініс тапқан. Оның 5-уі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған 2-тізімге енген басылымдарда жарық көрген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования // ҚР Заңнама институтының Хабаршысы, №3 (52) 2018, Б.157-163. 2. Обеспечение эффективности института частного судебного исполнителя в Республике Казахстан // ҚР Заңнама институтының Хабаршысы, №3, 2022, Б.214-224.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша		

<p>әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>3. Сущность и значение исполнительного производства как отдельной отрасли права // КР Заңнама институтының Хабаршысы, №4, 2022, Б.276-282.</p> <p>4. К вопросу о необходимости расширения перечня исполнительных документов (при введении урегулирования споров) // КР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Хабаршысы, №1(76), 2024, Б.257-265.</p> <p>5. On the need to define the concept of "public order" in the context of recognition and enforcement of foreign judicial and arbitration decisions in the Republic of Kazakhstan (M.H. Абиловамен авторлық бірлестікте) // https://doi.org/10.31489/2025L2/164-173 // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы, 2025, 30, 2 (118), Б.164-173.</p> <p>Бір ғылыми мақала Scopus (Скопус) дерекқорына енгізілген SiteScore (СайтСкор) көрсеткіші бойынша 63% процентильге ие халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған, тақырыбы: «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» (2025) 8(3) Access to Justice in Eastern Europe» (M.H. Абиловамен авторлық бірлестікте), https://doi.org/10.33327/AJEE-18-8.3-a000117.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған қорытындылар халықаралық конференция, халықаралық форумның материалдарында, Сот төрелігі академиясының Хабаршысында және Параграф ақпараттық агенттігі беттерінде жарияланған. Сондай-ақ, диссертант осы тақырып бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырып, радиода сұхбат берген.</p> <p>Бұның барлығы диссертант тақырыпты толық меңгергенін, тақырыпты жоғары деңгейде білетіндігін дәлелдейді.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Нұртан Азамат Ерланұлының «Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары» атты диссертациясы толыққанды, аяқталған, ғылым мен практикаға елеулі үлес қосады, жаңа нәтижелерді ұсынады, докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы – Нұртан Азамат Ерланұлы «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

Рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
қылмыстық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
философия докторы (PhD)

Сед



А.Б. Сақтағанова